

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П017-1.66-2023
		30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 1 - 46

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы, 2023



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжаттың түрі

Еет 2 - 46

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының» РММ оқу-әдістемелік қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің 2023 жылғы «26» қазандағы № 3 хаттамасы
- 3. ӨЗГЕРУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ** 2020 жылғы «24» желтоқсандағы № 1 Редакция орнына № 2 Редакция
- 4. ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ** 3 жыл



Мазмұны

1.	Қолдану саласы	4
2.	Нормативтік сілтемелер	4
3.	Терминдер мен анықтамалар	5
4.	Қысқартулар	8
5.	Жалпы ережелер	9
6.	Білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі	11
7.	Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын қайта қарау	14
8.	Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі	15
9.	Элективті пәндер каталогы	16
10.	Модульдік білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны	17
11.	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары	18
12.	Білім беру бағдарламаларын мониторингілеу және мерзімді бағалау	19
13.	Білім беру бағдарламасының Тәуекелдерін басқару	22
14.	Білім беру бағдарламасын бекіту регламенті	23
15.	Өзгерістер енгізу тәртібі	24
16.	Келісу, сақтау және тарату	24
17.	Қосымша 1. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберіне сәйкес оқытудың әр деңгейіне арналған Дублин дискрипторлары (FQ-EHEA)	25
18.	Қосымша 2. Б. Блум таксономиясына сәйкес оқу нәтижелерін тұжырымдау үшін қолданылатын әрекет етістіктерінің толық емес тізімі	25
19.	Қосымша 3. Білім беру бағдарламасының түлегі моделінің үлгісі	28
20.	Қосымша 4. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының үлгісі	32
21.	Қосымша 5. Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерінің үлгілері	35
22.	Модульдік білім беру бағдарламасына толықтырулар мен өзгерістер парағы	46
23.	Келісу парағы	47
24.	Танысу парағы	48



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжаттың түрі

Бет 4 - 46

ҚР МАМ МК «Темірбек
Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімі
2023 жылғы «26» қазақ
№ 3 хаттама
«Бекітілді»

1. Қолдану саласы

1. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (бұдан әрі - Академия) «Білім беру бағдарламасы туралы ереже» (бұдан әрі - Ереже) осы ереже білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, басқару және мониторингілеу мазмұнын, тәртібін айқындайды.
2. Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады, Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері қолданады және орындау үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының келесі нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді:
 - 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (27.06.2022 ж. № 129-VII жағдайына толықтыруларымен және өзгерістерімен);
 - 2) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
 - 3) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (31.08.2022 ж. жағдайына толықтыруларымен және өзгерістерімен);
 - 4) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.
 - 5) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан



Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы.

- 6) «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
- 7) «Креативті индустрияларды дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 860 қаулысы.
- 8) Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2016-2026 жылдарға арналған даму стратегиясы. 2016 жылғы 26 мамырдағы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген.
- 9) Жоғары білімнің еуропалық кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы; (ESG).
- 10) Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі үшін біліктіліктің құрылымы құрылымы (FQ-EHEA).
- 11) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы.

3. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Ережеде нормативтік құжаттарға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
 - 1) Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;
 - 2) Білім беру бағдарламасының сапасы – білім алушылар мен түлектердің құзыреттілік деңгейінің кәсіптік стандарттар талаптарына және білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар белгілеген қосымша талаптарға сәйкестігі;
 - 3) Білім беру бағдарламасын әзірлеу – білім беру бағдарламасын және оның мақсаттары көрсетілген компоненттері, оқыту нәтижелері және оларға қол жеткізу бойынша тиісті еңбек шығындары, оқу қызметінің түрлері, оқыту әдістері мен бағалау рәсімдері/критерийлері көрсетіле отырып жоспарлау;
 - 4) Білім беру бағдарламасының паспорты – бағдарламаның қысқаша сипаттамасы, оның ҰБШ, СВШ және КС-пен байланысының сипаттамасын, оқыту нәтижелері мен пәндерін, сондай-ақ еңбек сыйымдылығына, мерзімдеріне, оқыту тіліне қатысты мәліметтерді қамтиды;



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже

нормативтік құжаттың түрі

Бет 6 - 46

- 5) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – ЖЖОК БББ тізілімі) – Қазақстан Республикасының ЖОО әзірлеген білім беру бағдарламаларының паспорттарының тізбесін қамтитын ақпараттық жүйе;
- 6) Оқыту нәтижелері - білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру барысында, көрсеткен және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастарды бағалаумен расталған білім, білік, дағды көлемі;
- 7) Құзыреттері – білім алушылардың оқу процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті;
- 8) Модуль – оқу нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламасының білім алушылардың нақты тұжырымдалған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі, барабар бағалау критерийлері бар дербес құрылымдық элемент.
- 9) Модульдік білім беру бағдарламасы – білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы. Модульдік оқыту-білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;
- 10) Негізгі білім беру бағдарламасы (major - мажор) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға зерделеу үшін айқындалған білім беру бағдарламасы;
- 11) Қосымша білім беру бағдарламасы (minor - минор) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;
- 12) Қолданыстағы білім беру бағдарламасы – білім беру қызметі жүзеге асырылған және кемінде бір түлегі бар білім беру бағдарламасы;
- 13) Жаңа білім беру бағдарламасы – білім беру қызметі жүргізілетін, бірақ түлек шығарылмаған білім беру бағдарламасы;
- 14) Инновациялық білім беру бағдарламасы – ҚР-да баламасы жоқ білім беру бағдарламасы, тізілімге алғаш рет енгізіледі.
- 15) Түлектің атрибуттары (түлек моделі) – түлектің өз кәсібіне сәйкес функцияларды сәтті орындауға мүмкіндік беретін сипаттамалардың толық жиынтығы;
- 16) Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;
- 17) Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже

нормативтік құжаттың түрі

Бет 7 - 46

- 18) Кәсіби стандарт (КС) – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- 19) Мамандық - арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін игеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі;
- 20) Бейіні – білім беру бағдарламасының нақты бағытын айқындайтын мамандықтың негізгі типтік белгілерінің жиынтығы (дайындық бағыты, мамандандық, мамандандыру бағыттары);
- 21) Еңбек функциясы – бизнес-процестермен анықталатын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы болып табылатын еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;
- 22) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) – оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын барлық оқу кезеңі үшін таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі. ЭПК әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетеді. ЭПК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарларын әзірлейді.
- 23) Оқу жоспары - тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің, оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практикасының, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау нысанын реттейтін құжат.
- 24) Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары; ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын жеке анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті компоненттің (МК), ЖОО компонентінің (ЖООК) және таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практика, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) енгізіледі. Білім алушы ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті шеңберінде оқытудың жеке траекториясын айқындау кезінде негізгі білім беру бағдарламасы (major) және (немесе) қосымша білім беру бағдарламасы (minor) бойынша пәндерді таңдайды.
- 25) Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) білім беру бағдарламасы және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты. ОЖЖ оқу жылына арналған пәндер тізбесі және олардың



- кредиттердегі еңбек сыйымдылығы, оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері және бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа түрлері (практика, мемлекеттік емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау) айқындалады.
- 26) Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – УОБ) – білім туралы Заңның 5-бабының 5-2-тармақшасына сәйкес бакалавриаттағы ЖБП циклінің міндетті компонентінің пәндері бойынша әзірленеді.
- 27) Эдвайзер – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын академиялық тәлімгердің функцияларын орындайтын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.
- 28) ЖОО компоненті – білім беру бағдарламасын игеру үшін ЖОО дербес айқындайтын міндетті оқу пәндерінің тізбесі.
- 29) Таңдау компоненті – жоғары оқу орны ұсынатын, білім алушылар кез-келген академиялық кезеңде олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып өз бетінше таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
- 30) Элективті пәндер – белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖОО компоненті мен таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, нақты өмірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және қажеттіліктерін ескеретін, қалыптасқан ғылыми мектептер.
- 31) Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – пәндерді және (немесе) модульдерді және оқу үшін осы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін меңгерілетін білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін оқу жұмысының басқа да түрлері және (немесе) модульдері;
- 32) Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын оқу жұмысының басқа да түрлері.

4. Қысқартулар

5. Осы Ережеде келесі қысқартулар пайдаланылады:

БП – Базалық пәндер

ЖК – ЖОО компоненті

ЖБ – Жоғары білім

МЖМББС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ОҚТ – Оқытудың қосымша түрлері

ЕБШ – Еуропалық біліктілік шеңбері

ҚА – Қорытынды аттестаттау

ТК – Таңдау компоненті



ЭПК – Элективті пәндер каталогы

МБББ – Модульдік білім беру бағдарламасы

ББХСЖ – Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі

НҚА – Нормативтік-құқықтық актілер

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері

ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі

ҚР ҒЖБМ ЖББДҰО – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы

ЖЖООКББҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру

МК – Міндетті компонент

ЖБП – Жалпы білім беретін пәндер

БББ – Білім беру бағдарламасы

ЖКҚ – Жалпы кәсіби құзыреттілік

БП – Бейіндік пәндер

КП – Кәсіби практика

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы

КС – Кәсіптік стандарт

ЖООКБ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім

КҚ – Кәсіби құзыреттілік

ОН – Оқыту нәтижесі

БӨЖ – Білім алушының өзіндік жұмысы

БӨӨЖ – Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі

ТЖБ – Типтік жұмыс бағдарламалары

ӘҚ – Әмбебап құзыреттілік

5. Жалпы ережелер

6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын Академия МЖМББС талаптарына, оқытудың кредиттік технологиясының қағидаларына, Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының креативті индустрияларын дамыту тұжырымдамасына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, мәдениет және өнер саласының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне, кәсіби стандарттарға, Ұлттық және салалық біліктілік шеңберіне сәйкес дербес әзірлейді және бекітеді, Ұлттық және салалық біліктілік шеңберімен, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублиндік дескрипторлармен, Қазақстан Республикасының жаңа кәсіптері мен құзыреттерінің Атласымен келісілген (<https://www.enbek.kz/atlas/>).



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжаттың түрі

Бет 10 - 46

7. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты білім беру нәтижелеріне, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу мерзіміне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндер циклін, базалық пәндер циклін, бейіндік пәндер циклін зерделеуді, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне және мәдениет және өнер саласындағы ұлттық және салалық біліктілік шеңберіне сәйкестікке бағдарлана отырып, кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша кәсіптік практикадан өтуді көздейді.

9. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына міндетті және таңдау компоненті пәндері кіреді. Таңдау компоненті аясында білім алушы оқытудың жеке траекториясын анықтаған жағдайда таңдай алады:

- 1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндер (major);
- 2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндер (minor).

Негізгі және қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі сабақтас немесе бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттер алу үшін, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

10. Дублин дескрипторлары білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін алған, оқу нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге негізделген және академиялық кредиттерде есептелетін білім деңгейі мен көлемінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің сипаттамасы болып табылады.

11. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар тиісті білім беру деңгейінің Дублиндік дескрипторлары (бірінші деңгей – бакалавриат, екінші деңгей – магистратура, үшінші деңгей - докторантура) негізінде айқындалады және оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттіліктерді көрсетеді. Оқыту нәтижелері жоғары білімнің бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жекелеген модульдер мен оқу пәні деңгейінде де қалыптасады.

12. Дублин дескрипторлары оқытудың бес негізгі нәтижесіне негізделген:

- Білу және түсіну;
- тәжірибеде білімі мен түсіну қабілетін пайдалану;
- пайымдау, идеяларды бағалау және тұжырым жасау қабілеті;
- қарым-қатынас саласындағы дағдылар;



– оқыту саласындағы дағдылар.

1-қосымшада еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілігінің жан-жақты шеңберіне сәйкес білім берудің әр деңгейіне арналған Дублин дескрипторлары келтірілген.

2-қосымшада Б.Блумның ойлау қабілеттерінің таксономиясы бойынша нақты оқу нәтижелерін тұжырымдау үшін қолданылатын әрекет етістіктері келтірілген.

13. Оқыту нәтижелері (ОН) – бұл білім алушылардың білім, білік, дағдылар, қабілеттер, құзыреттер тілінде көрсетілген және оқу кезеңі, модуль, оқу пәні аяқталғаннан кейін білім алушының нені көрсете алатындығын сипаттайтын күтілетін және өлшенетін нақты жетістіктері.

14. Білім беру бағдарламасы (БББ) модульдер бойынша құрылымдалған, онда әр модульге белгілі бір сынақ бірліктері бөлінген. Модуль екі немесе одан да көп оқу пәндерінен тұруы мүмкін немесе бір немесе одан да көп пәндерді оқу жұмысының басқа түрлерімен біріктіруі мүмкін.

15. Кәсіби тәжірибелер (КТ), дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік/докторлық диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне енгізіледі. Сонымен қатар, кәсіби тәжірибенің әр түрі әртүрлі модульдерге жатады.

16. Модульдік білім беру бағдарламасы (МБББ) мазмұны бойынша да, оқытуды ұйымдастыру бойынша да икемді білім беру құрылымдарын құруға ықпал етеді. Модульдік оқыту еңбек нарығының сұраныстарына икемді жауап беруге білім беру бағдарламаларының жаңа бейіндерін ашуға, сондай-ақ іске асырылып жатқан бағдарламаларға жаңа өзекті модульдерді енгізуге мүмкіндік береді.

6. Білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі

17. Білім беру бағдарламасын әзірлеу Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның даму стратегиясына сәйкес оның миссиясы мен пайымы негізінде жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламалары белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді. БББ әзірлеуге білім алушылар сыртқы және ішкі стейкхолдерлер қатысады.

18. Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын реттейтін құжаттар:

- 1) Түлек моделі
- 2) Элективті пәндер каталогы (ЭПК)
- 3) Модульдік білім беру бағдарламасы (МБББ)
- 4) Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ)
- 5) Пән силлабустары
- 6) Өндірістік практика бағдарламасы
- 7) Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже

нормативтік құжаттың түрі

Бет 12 - 46

8) Білім беру бағдарламасының паспорты (тізілімге жүктеу үшін ҚР ҒЖБМ ЖББДҰО)

19. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін 5-7 адамнан тұратын әзірлеушілер тобы құрылады, топ құрамына мыналар кіреді:

1) Білім беру бағдарламаларының жетекшілері

2) Білім алушылар

3) Сыртқы және ішкі стейкхолдерлер: жұмыс берушілер, кафедра ПОҚ өкілдері, әдіскерлер, Академия қызметкерлері және т.б.

20. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс берушілер мен білім алушылардың кандидатуралары мынадай тәртіппен тартылады:

1) Кандидатуралар білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедралардың отырыстарында ұжымдық түрде айқындалады, тізім жасалады, оған резервтік кандидатуралар да енгізіледі.

2) Ұсынылған кандидатуралар факультеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады. Мақұлданған жағдайда білім беру бағдарламаларының басшылары таңдалған кандидатуралардың келісімін алады, мақұлданбаған жағдайда балама кандидатураларды ұсынады.

3) Толық деректері бар кандидатуралар тізімі (жұмыс берушілер үшін: тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны және лауазымы, атақтары мен мемлекеттік наградалары, ғылыми және/немесе академиялық дәрежесі. Білім алушылар үшін: тегі, аты, әкесінің аты, факультет, білім беру бағдарламасы, курс) академияның ОӘҚ-не ұсынылады, оның негізінде Академия ректорының БББ әзірлеушілерін бекіту туралы бұйрығы дайындалады.

4) Осыдан кейін білім беру бағдарламаларын әзірлеу процесі басталады.

21. БББ әзірлеуге қатысатын білім алушылар келесідей талаптарға сай болуы тиіс: академиялық үлгерімі жақсы, ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысу, академияның шығармашылық қызметі мен қоғамдық өміріне белсенді қатысу міндетті. Сондай – ақ, шығармашылық және ғылыми жетістіктерге-конкурстар мен олимпиадаларда жеңіске жеткен жөн.

22. ББ әзірлеуге қатысатын жұмыс берушілер келесідей талаптарға сай болуы тиіс: білім беру бағдарламасына сәйкес келетін саладағы жұмыс тәжірибесі соңғы 10 жылдан кем емес. Басшылық лауазымдардағы тәжірибе, Мемлекеттік наградалар мен атақтардың, ғылыми және/немесе академиялық дәрежесінің болуы, БББ бейініне сәйкес келетін салалық одақтар мен қауымдастықтарға мүшелік немесе төрағалық ету ұсынылады.

23. Әзірлеушілер қатарында бизнес өкілдері және/немесе кәсіпкерлер (жеке театрлар, студиялар, галереялар, агенттіктер және т.б.), сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері-театр қайраткерлерінің, суретшілердің, кинематографистердің одақтары, қорлар және т.б.

24. Білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер мен жетекшілерінің бекітілген құрамы екі ірі блоктан – аналитикалық және жобалық блоктан тұратын БББ



әзірлеу рәсіміне кіріседі. Даму процесі кабинеттік әдістерді қолдана отырып, жеке жұмыс түрінде де, топтық миға шабуыл (Brainstorming), интеллектуалды карталар (Mind map), пікірталастар, талқылаулар, дөңгелек үстелдер арқылы жүзеге асырылады.

25. Талқылаулар кафедралар мен факультеттердің отырыстарында, мастер-класстарда, жұмыс берушілермен кездесулерде, «Бос орындар жәрменкесі», «Ашық есік күндері» жалпы академиялық іс-шаралар шеңберінде өтеді. «Әдістемелік апталық» және «Ғылым апталығы» шеңберіндегі дөңгелек үстелдер.

26. Аналитикалық бөлімді өткізу үшін әзірлеушілер:

1) кәсіптік стандартты талдау, Ұлттық және салалық біліктілік шеңбері, бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігінің құжаттары: Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапа кепілдігінің стандарттары мен ұсыныстары (ESG), Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі үшін біліктіліктің кешенді құрылымы (FQ-EHEA), Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді;

2) еңбек нарығының қажеттіліктерін талдау, БББ бөлінісінде түлектерді жұмысқа орналастыруды талдау (оның ішінде түлектерді кәсіптік бағдарлау, кәсіптік практика және жұмысқа орналастыру бөлімі ұсынған деректерді пайдалана отырып);

3) білім беру бағдарламасының іске асырылуына қанағаттану тұрғысынан білім алушылардың сауалнамаларының деректерін талдау;

4) соңғы 5 жылдағы БББ сұраныс динамикасын талдау (талапкерлердің берілген өтініштерінің саны), контингент қозғалысы;

5) жақын арада мамандардың құзыреттілігін және өсуін дамыту бойынша болжамдарды талдау, оның ішінде «Жаңа кәсіптер атласы» және т.б.;

27. БББ жобалау (дизайн) бойынша әзірлеушілер мынадай рәсімдерді жүзеге асырады:

1) Кәсіби стандарттар негізінде түлек моделін жобалайды, ҰБШ, құзыреттілік тәсілін қолдана отырып Академияның миссиялары; білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыру үшін қажетті элективті пәндер каталогын жасайды; білім беру бағдарламасының жалпы тұжырымдамасын, оның бірегейлігін анықтайды;

2) академияның миссиясы негізінде БББ мақсатын қоюды жүзеге асырады;

3) академияның стратегиялық даму бағыттары негізінде талдау әдісімен алынған мәліметтерді БББ жобалау моделін тандайды;

4) оқыту деңгейлеріне сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерін тұжырымдайды;

5) оқыту деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқыту нәтижелерін айқындайды;



- 6) кәсіби тәжірибелердің мазмұнын қалыптастырады;
 - 7) құзыреттілік матрицасын құрайды;
 - 8) пәндер мен кәсіби практикалардың дәйектілігінің логикасын анықтайды;
 - 9) оқу бағдарламаларының мазмұнын құрайды, пәндер бойынша қызмет түрлерін, бақылау нысандарын, жоспарланған оқу нәтижелеріне, оқу деңгейіне және пәннің ерекшелігіне сәйкес пән оқытушыларымен бірлесіп БӨЖ мазмұнын анықтайды;
 - 10) оқу жұмыс жоспарын жасайды;
 - 11) білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын жасайды;
 - 12) модульдік білім беру бағдарламасын рецензиялауға тапсырады;
 - 13) ҚР ҒЖБМ ЖББДҰО тізіліміне жүктеу үшін білім беру бағдарламасының паспортын әзірлейді.
28. Білім беру бағдарламасының құжаттарын әзірлеу кезеңділігі:
- Төрт жылда бір рет әзірленуде
- 1) Түлек моделі
 - 2) Модульдік білім беру бағдарламасы
 - 3) Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары
 - 4) Білім беру бағдарламасының паспорты
- Жыл сайын әзірленеді:
- 1) Элективті пәндер каталогы
 - 2) Оқу жұмыс жоспарлары
 - 3) Кәсіптік практика бағдарламалары
 - 4) Силлабустар
29. Аталған құжаттардың мазмұнын қайта қарау еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, жыл сайын жүзеге асырылады. Білім беру, мәдениет және өнер саласындағы нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістерге, БББ оқыту мақсаттары мен нәтижелерінің өзгеруіне, жұмыс берушілердің сұраныстарына, еңбек нарығындағы өзгерістерге, кәсіби стандарттардың жаңаруына және т.б. байланысты өзгерістер енгізу қажеттілігіне байланысты әзірлеу мерзімдері қысқартылуы мүмкін. БББ мазмұнын айтарлықтай өзгерту (БББ жана бейіндерін әзірлеу, 50% - дан жоғары пәндерді қосу/алып тастау).
30. Академиялық комитет білім беру бағдарламаларын әзірлеуде үйлестіруші және кеңес беруші рөл атқарады. Академиялық комитеттің отырыстарында қандай да бір БББ әзірлеудің орындылығы, оның өзектілігі, қажеттілігі мен тиімділігі қаралады. Бұл шешімдер қызметтер мен БББ әзірлеушілерден алған деректер негізінде қабылданады. Сондай-ақ академиялық комитеттің отырыстарында білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарының орындалуы туралы білім беру бағдарламалары жетекшілерінің, қызметтер мен



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П017-1.66-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжаттың түрі

Бет 15 - 46

комиссиялар басшыларының есептері және білім беру бағдарламасының мониторингі мен мерзімді бағалауының, білім беру бағдарламасының ішкі сараптамасының нәтижелері тыңдалады. Ішкі сараптаманы БББ әзірлеушілері мен жетекшілері болып табылмайтын оқу құрылымдық бөлімше басшыларынан, академиялық сапа жөніндегі кеңес мүшелерінен кемінде үш адамнан тұратын комиссия жүзеге асырады. Ішкі сараптама оқу пәндері мазмұнының және оқыту нәтижелерінің оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін, сондай-ақ кәсіптік стандарттарға сәйкестігін айқындайды.

31. Әзірленген білім беру бағдарламасы міндетті түрде рецензиялау рәсімінен өтеді. Рецензенттер ретінде көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлері, шығармашылық бизнес өкілдері бола алады: ірі өндірістік компаниялардың, жеке галереялардың, театрлардың және т.б. басшылары, өнер ортасындағы білім беру саласындағы қызметкерлер келесідей талаптарға сәйкес келеді: Ғылыми дәрежесінің және/немесе құрметті атағының болуы («Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстанның халық әртісі») және / немесе білім беру бағдарламасының бейіні бойынша нақты сектордағы практикалық жұмыс өтілі кемінде 10 жыл.

32. Рецензиялау рәсімінен кейін әзірлеушілер өтінім дайындайды, оны енгізу үшін ҚР ҒЖБМ ЖББДҰО білім беру бағдарламаларының тізіліміне жолдайды.

7. Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын қайта қарау.

33. Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын қайта қарау жыл сайын жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламаларының жетекшілері БББ мазмұнын қайта қарауға жауапты болып табылады.


34. БББ мазмұнын қайта қарау қараша мен желтоқсан айлары аралығында көзделген. Қайта қарау анықталған қажеттіліктер, білім беру бағдарламасынан күтілетін, білім алушылардың, ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің мүдделері негізінде жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын қайта қарау нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда оны жанарту жүзеге асырылады.

Жанарту талдау негізінде жүзеге асырылады:

- Нарықтың жаңа қажеттіліктері
- Жоғары білім беру саласындағы НҚА өзгерістері
- Кәсіптік стандарттар, ҰБШ, СБШ
- Жаңа мамандықтар атласы, саланы дамытудың өңірлік картасы.

35. Жоғарыда аталған құжаттарда өзгерістер болған жағдайда және туындаған қажеттілік жүзеге асырылады:

- Кәсіптік стандарттардың еңбек функцияларын ескере отырып, БББ-ын өзектендіру/жанарту;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П017-1.66-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 16 - 46

- КС оқыту нәтижелерін өзектендіру;
- БББ атауын/ мақсаттарын өзектендіру;
- БББ модульдерін оқыту нәтижелерін өзектендіру;
- ББ пәндерін оқыту нәтижелерін өзектендіру

36. Білім беру бағдарламаларын қайта қараудан және жаңартудан/өзектендіруден кейін ҚР ҒЖБМ ЖББДҰО білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу үшін өтінім дайындалады.

37. Білім беру бағдарламаларын және оларға арналған құжаттарды әзірлеу, жаңарту/өзектендіру мерзімдері мынадай себептер бойынша өзгертілуі мүмкін:

- ҚР ҒЖБМ НҚА өзгерістер;
- Мониторингтік және аккредиттеу комиссияларының ұсынымдары;
- Еңбек нарығындағы өзгерістер;
- Жұмыс берушілер мен білім алушылардың ұсыныстары;
- БББ мониторингі және бағалау нәтижесінде анықталған бұзушылықтар
- СМЖ нысандарының өзгеруі.

8. Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

38. Түлек моделін қалыптастырудың негізгі тәсілі құзыреттілік тәсіл болып табылады, сәйкесінше академияда түлек моделі құзыреттілік болып табылады.

39. Түлек моделі ЖЖОКБҰ-ның бүкіл білім беру жүйесінің («өнім шығуда») мінсіз бейнесі болып табылады, ол табысты кәсіби қызмет пен шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттердің сипаттамасын қамтиды, қоғамның және еңбек нарығының сұраныстарына жауап береді.

40. Түлек моделі академияның миссиясымен тікелей байланысты, аналитикалық мәліметтер негізінде қалыптасады.

41. Түлек моделі стейкхолдер – жұмыс берушілермен және тікелей әзірлеуге қатысатын білім алушылармен бірлесіп, модельге қажетті құзыреттердің сипаттамасын енгізе отырып, сондай-ақ түлек моделін бекіту кезінде шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие бола отырып жасалады. Кандидатураларды айқындау, сондай-ақ оларға қойылатын талаптар, әзірлеушілердің жұмыс тобын қалыптастыру тәртібін 21 беттен қараңыз, осы құжаттың 6-тармағы.

42. Түлек моделін әзірлеу келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) жұмыс тобы құжаттарды – кәсіби стандарттарды, академияның миссиясын, даму стратегиясын, Ұлттық және салалық біліктілік шеңберін, бірыңғай Еуропалық білім беру кеңістігінің құжаттарын талдайды: Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапа кепілдігінің стандарттары мен ұсыныстары (ESG), Дублин дескрипторлары;



2) еңбек нарығының қажеттіліктерін, БББ бөлінісінде түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын (оның ішінде кәсіптік бағдар беру және кәсіптік практика және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімі ұсынған деректерді пайдалана отырып) талдайды;

3) жақын арада мамандардың құзыреттілігін және өсуін дамыту бойынша болжамдарды талдайды, оның ішінде «Жаңа мамандықтар атласы» және т.б.;

43. Түлек моделін жобалау (дизайн) бойынша әзірлеушілер мынадай рәсімдерді жүзеге асырады:

1) әмбебап, жалпы кәсіби және кәсіби топтар бойынша, сондай – ақ біліктілік сипаттамалары топтары бойынша құзыреттіліктерді тұжырымдайды.

44. Түлек моделі СМЖ нысаны бойынша қалыптастырылады, түлектердің қалыптасқан құзыреттілік моделі кафедра отырысында, факультеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және түзетулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

9. Элективті пәндер каталогы

45. Элективті пәндер каталогы (ЭПК) әрбір БББ-ға жеке жасалады және оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін), пререквизиттерін және постреквизиттерін, кредиттер санын, оқытудың күтілетін нәтижелерін (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылар мен құзыреттер) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын бүкіл оқу кезеңі үшін таңдау компоненті бойынша барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесін болып табылады.

46. ЭПК-ны жыл сайын бітіруші түлектері бар кафедра «Элективті пәндер каталогы туралы Ережеге» сәйкес үш тілде: қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде әзірлейді. ЭПК академиялық комитеттің отырысында қаралады және Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

47. Білім беру бағдарламасының ЭПК-н әзірлеу барысында ғылымның, өнердің даму тенденциялары, еңбек нарығының қажеттіліктері және білім алушылардың, сыртқы стейкхолдерлердің сұраныстары ескерілуі тиіс. Білім беру бағдарламасының ЭПК-ы келесідей талаптарға сай болуы тиіс:

– Элективті пәндер білім алушылардың білім беру бағдарламасында айқындалған кәсіптік құзыреттерді меңгеру қажеттілігіне сәйкес кәсіптік стандарттарға және МЖМББС сәйкес айқындалады;

– Элективті пәндерді оқу тәртібі академиялық өзара байланыс логикасына және пәндерді оқу реттілігіне сәйкес, яғни пререквизиттер мен постреквизиттерді көрсете отырып, сондай-ақ білім беру бағдарламасының (сызықтық, спиральды) логикасына сәйкес жүзеге асырылады;

48. ЭПК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.



Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарларын әзірлейді.

10. Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны¹

49. Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларының құрылымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС қосымшаларында келтірілген. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің БББ-ң мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады - жалпы білім беретін пәндер, базалық пәндер және бейіндік пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент, ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті пәндерін қамтиды. Базалық пәндер және бейіндік пәндер циклы ЖООК и ТП пәндерін қамтиды. ЖООК және ТП Академиямен дербес анықталады және еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің үміттерін және білім алушының жеке мүдделерін ескереді.

50. Білім беру бағдарламасы үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді. Академиялық комитеттің, Ғылыми кеңестің отырысында қаралады, Академияның Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

51. Академияның білім беру бағдарламасының құрылымы СМЖ бекітілген нысанына сәйкес ресімделеді және оған келесідей компоненттер кіреді:

- 1) Титул парағы;
- 2) Бекіту парағы;
 - Білім беру бағдарламасының сипаттамасы;
 - БББ мақсаты;
 - Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бағытының картасы.
- 3) Түлектің біліктілік сипаттамасы;
 - Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар;
 - Карта / құзыреттілік профилі;
 - Құзыреттілікті қалыптастыру бойынша оқу модулінің картасы;
 - Құзыреттер бөлінісіндегі пәндердің тақырыптық жоспарлары;
 - Сабақ түрлері бойынша еңбек сыйымдылығын көрсете отырып пәндердің тақырыптық жоспарлары.

4) Білім беру бағдарламасының мазмұны-білім беру бағдарламасының оқу жоспары.

5) БББ қайта бекіту парағы.

52. Академиядағы оқу жоспары бүкіл оқу кезеңіне әзірленеді барлық оқу кезеңіне арналған ББ оқу жоспары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС сәйкес әзірленеді. БББ оқу жоспары үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) әзірленеді, академиялық комитеттің, ғылыми кеңестің отырысында қаралады, Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректор бекітеді.



53. Оқу жоспары пәндерді/модульдерді, практикаларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аралық және қорытынды аттестацияларды игерудің тізбесі мен реттілігін, олардың кредиттер мен академиялық сағаттардағы еңбек сыйымдылығын, дәріс, практикалық, зертханалық сабақтардың түрлерін және білім алушының өзіндік жұмысын және бақылау нысандарын бөлуді айқындайды.

54. Оқу жоспары пәндерді олардың сабақтастығына және пәндерді семестрлер бойынша ұтымды бөлуге негізделген оқудың логикалық дәйектілігін қамтамасыз етеді. Оқу жоспарында пәндер циклі мен оқу семестрі бөлінісінде білім беру бағдарламасының кредиттері көлемінің көрсеткіштерінің жиынтық кестесі келтіріледі.

55. Оқу жоспарларының, бакалавриат бағдарламаларының түпнұсқалары оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметінде, магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінде сақталады, көшірмелері оқу процесін ұйымдастыру үшін кафедраларға жіберіледі.

11. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары

56. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаты өнерді, мәдениетті, ғылымды, технологияларды дамыту үрдістерін ескере отырып, еңбек нарығының қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру болып табылады. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын білім алушылардың, сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің белсенді қатысуымен білім беру бағдарламаларының басшылары СМЖ бекітілген нысанына сәйкес әзірлейді, үлгісі 3-қосымшада ұсынылған.

57. БББ дамыту жоспары Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының даму стратегиясы негізінде жасалады, онда стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар мен тактикалық іс-қимылдар көрсетіледі. БББ дамыту жоспары факультеттің Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады, академиялық комитеттің отырысында алқалы түрде бекітіледі.

58. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары білім беру бағдарламасының тәуекелдерін, сондай-ақ олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды талдауды қамтиды.

12. Білім беру бағдарламасының мониторингі және мерзімді бағалау

